

## Қызылорда қаласы бойынша субсидияланатын басым ауыл шаруашылығы дақылдарының әрбір түрі бойынша субсидия алуға өтінімді ұсыну мерзімдерін айқындау туралы

Қызылорда облысы Қызылорда қаласы әкімдігінің 2017 жылғы 16 наурыздағы № 7454 қаулысы. Қызылорда облысының Әділет департаментінде 2017 жылғы 12 сәуірде № 5792 болып тіркелді

"Басым дақылдар өндіруді субсидиялау арқылы өсімдік шаруашылығының шығымдылығын және өнім сапасын арттыруды, жанар-жағармай материалдарының және көктемгі егіс пен егін жинау жұмыстарын жүргізу үшін қажетті басқа да тауарлық-материалдық құндылықтардың құнын және ауыл шаруашылығы дақылдарын қорғалған топырақта өңдеп өсіру шығындарының құнын субсидиялау қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің міндетін атқарушының 2015 жылғы 27 ақпандағы № 4-3/177 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы " Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары-Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2016 жылғы 19 шілдедегі № 317 бұйрығына сәйкес Қызылорда қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қызылорда қаласы бойынша ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілері тізіміне қосу үшін субсидияланатын басым ауыл шаруашылығы дақылдарының әрбір түрі бойынша өтінімді ұсыну мерзімдері қосымшаға сәйкес айқындалсын.

2. Қаулының орындалуын бақылау осы саланы жетекшілік ететін қала әкімінің орынбасарына жүктелсін.

3. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қызылорда қаласының әкімі

Н. Нәлібаев

Қызылорда қаласы әкімдігінің  
2017 жылғы "16" наурыздағы  
№ 7454 қаулысына қосымша

## Субсидияланатын басым ауыл шаруашылығы дақылдарының әрбір түрі бойынша өтінімді ұсыну мерзімдері

№	Басым ауыл шаруашылығы дақылдары	Өтінімді ұсыну мерзімдерінің басталуы	Өтінімді ұсыну мерзімдерінің аяқталуы
1	Күріш	01.02.2017 жыл	01.12.2017 жыл
2	Майлы дақылдар	01.02.2017 жыл	01.12.2017 жыл
3	Сүрлемдік жүгері	01.02.2017 жыл	01.12.2017 жыл

4	Бірінші жылғы бұршақ тұқымдас көпжылдық шөптер	01.02.2017 жыл	01.12.2017 жыл
5	Қорғалған топырақ жағдайында өсірілетін көкөніс дақылдары (өнеркәсіптік және фермерлік жылыжайлар) (екі дақыл айналымы)	01.02.2017 жыл	01.12.2017 жыл

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК